

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Салымшылардың талап етілмеген кепілдікті өтем қаражаты БЖЗҚ-дағы ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шоттарына аударылды

Ағымдағы жылдың шілде айында Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорынан (ҚДКБҚ) «Capital Bank Kazakhstan» АҚ салымшыларының талап етілмеген кепілдікті өтем қаражатын ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу үшін БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) аудару рәсімі аяқталды. Осылайша аталған банктің 41 134 салымшысына талап етілмеген кепілдікті өтем сомасы аударылды.

Бұл ретте БЖЗҚ дерекқорында 36 279 салымшы бойынша ЕЗЖ есепке алу үшін жаңа ЖЗШ ашылып, қалған салымшылардың қаражаты ЕЗЖ есепке алу үшін қолданыстағы ЖЗШ-ға аударылды.

Талап етілмеген кепілдік өтем сомасы салымшылардың тізіліміндегі салымшының дербес деректерінен салымшының БЖЗҚ-дағы жеке деректеріне сәйкес келген жағдайда, салымшының жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаты болған кезде, сондай-ақ, БЖЗҚ-дағы салымшыларда міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар ЖЗШ болған кезде ЕЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-ға ауыстырылады.

Салымшыларға (алушыларға) ЖЗШ ашу үшін БЖЗҚ-ға арнайы жүгінудің қажеті жоқ, өйткені, аударылған ЕЗЖ сомасы БЖЗҚ-ға түскенде автоматты түрде ЖЗШ-ға есепке алынады (олар болған жағдайда). Болмаған жағдайда ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ Қорға өтінімсіз тәртіпте (яғни, автоматты түрде), оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен ҚДКБҚ-дан БЖЗҚ-ға кепілдік берілген өтем ақшасы түскенде ашылады. ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-ға есептелген кепілдік берілген өтемі талап етілмеген ақша басқа зейнетақы активтері сияқты тәртіпте инвестицияланатынын атап өткен жөн.

Қаперде ұстайтын жәйт, БЖЗҚ және электрондық үкімет сайттарында немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасында ЖЗШ-дан үзінді-көшірмені қарап шығу арқылы ҚДКБҚ-дан келіп түскен түсімнің бар-жоғын тексеруге болады.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін БЖЗҚ-ға ҚДКБҚ-дан сегіз банктің («Қазинвестбанк» АҚ, «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ, «Валют Транзит Банк» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «Астана Банкі» АҚ) салымшыларының кепілдік берілген өтемі талап етілмеген қаражаты аударылған болатын. Осылайша, ҚДКБҚ-дан БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есепке алу үшін талап етілмеген сома 270 849 ЖЗШ-ға аударылды.

Сонымен қатар, салымшы кепілдік берілген өтемді дәлелді себеппен төлеу мерзімін өткізіп алған және оның қаражаты БЖЗҚ-ға аударылған жағдайда банкті мәжбүрлеп тарату туралы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне мәліметтер енгізілген күнге дейін не ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы басталғанға дейін, төлемді алуға өтінішті уақытында беруге кедергі болған мән-жайды растайтын құжаттармен бірге ҚДКБҚ-ға жүгінуі керек. Дәлелді себептерге: салымшының әскери қызметке кірісуі, Қазақстан Республикасынан тыс жерге немесе бас бостандығынан айыру орындарында болуы, салымшының мұрасын қабылдау және мұраны алумен немесе ашумен байланысты өзге де себептер, сондай-ақ, сот белгілеген басқа да мән-жайлар жатады. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша ҚДКБҚ БЖЗҚ-ға хабарлама жібереді. Ол өз кезегінде ҚДКБҚ-ға кепілдік берілген өтемі талап етілмеген қаражатты қайтаруды жүзеге асырады.

Тақырып бойынша бейнематериалдар: <https://www.youtube.com/watch?v=-3CYCIZoxDA>

Анықтама: ЕЗЖ есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар келесі тұлғаларда бар:

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

- 1) елу жасқа толған;
- 2) мүгедек болып табылатын;
- 3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
- 4) ЕЗЖ сомасы және оларға есептелген инвестициялық табыс шегінде зейнетақы жинақтары бар, БЖЗҚ-да кемінде бес жыл болған зейнетақы жарналары бар тұлғалар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).